

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЗЕРЕНДІ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ ЗЕРЕНДІ
АУЫЛЫНЫҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН
АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ

«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ МАЛИКА
ҒАБДУЛЛИНА СЕЛА ЗЕРЕНДА ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ЗЕРЕНДИНСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

30. 01. 2025 жыл.

Зеренді ауылы

Бұйрық № 94

«Өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру
және жүргізу үшін комиссия құру туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы
№ 486 бұйрығына сәйкес және 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 4 педагогикалық кеңес
хаттамасының шешіміне сәйкес

Бұйырамын:

1. Білім беру ұйымын өзін – өзі бағалауын сапалы ұйымдастыру және жүргізу бойынша педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес өзін – өзі бағалау қорытындылары бойынша сапалы есеп жасау үшін төмендегі құрамда комиссия бекітілсін.

Комиссия төрайымы: Халелова Э.М. – мектеп директоры

Мүшелері:

Қанимағанбетова Г.Ұ. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Дүйсенова С.С. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Омарова Ж.Б. – мектеп директорының әдістемелік – инновациялық істері жөніндегі орынбасары

Кенжина Д.М. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Төлебаева Б.У – мектеп кітапханашысы

Тасанова С.Т. – әлеуметтік педагог

Комиссия құрамы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардағы 1,2,3,4,5 қосымшаларына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім ұйымдары үшін жоғарыда аталған әдістемелік ұсынымның 6,7,8,9,10,11,12,13 қосымшаларына сәйкес өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілсін.

1. 4, 9 сыныптарды мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру бойынша сапалы тест жұмысына дайындау үшін дайындық кестесі құрылып сол кестеге сәйкес сапалы жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Дайындықтың өткізілуін ұйымдастыру және қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Ұ.Қанимағанбетова мен С.С.Дүйсеноваға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп – гимназия директоры: Э.М.Халелова



«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Зеренді ауылының М.Ғабдуллин атындағы мектеп-гимназиясы» КММ педагогикалық кеңесінің хаттамасы

30 қаңтар 2025 жыл

Зеренді ауылы

Барлығы: 43
Қатысқандар: 43
Себептісі: 0
Себепсізі: 0

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы;
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.

1. Тғыңдалды: 1. Қаралған мәселенің тақырыбы: Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы

2. Сөйледі: мектеп директоры Халелова Э.М. ұжымға 2025 жылы сәуір айында мектептің кезекті мемлекеттік аттестациядан өтетінін айтып, соған орай, алдын ала «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 ж. 5 желтоқсан №486 бұйрығы негізінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып, жүргізу бойынша түсінік берді. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілерін атап өтті. Мемлекеттік аттестаттауда алдыңғы екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы кезеңдері қамтылатынын ескертті. Олар: білім беру ұйымының мақсат, міндеттері мен құндылықтары, оқыту және білім беру, білікті қызметкерлердің болуы, қолжетімді білім беру үшін жағдайлардың жасалуы, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтасыз ету бойынша, тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база зерделенетінін атап өтті.

Сондай-ақ, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру бойынша білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін 4,9-сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілетіндігін, ол компьютерлік тестілеу болатынын айтып, бағалау шкаласымен таныстырды. Оқушыларды сапалы тестке дайындау үшін әрбір пән бойынша дайындық кестесін құру директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасарлары Г.Ұ. Қанимағанбетова мен С.С. Дюсеноваға жүктелді.

Білім беру ұйымында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау мақсатында педагогтер, білім алушылар мен 4,9-сыныптардың ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) онлайн форматта сауалнама алынатыны туралы айтты.

2 ай мерзім ішінде жоғарыда аталған бағыттар бойынша жан-жақты зерделеп, мектептің өзін-өзі бағалауы жүргізілетіні және оның қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті комиссия педагогикалық кеңес отырысында таныстыратынын атап өтті.

2. Тғыңдалды: 2. Қаралған мәселенің тақырыбы: Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.

Сөйледі: мектеп директоры Халелова Эльмира Майдановна білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастырып, жүргізу үшін ала «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 ж. 5 желтоқсан №486 бұйрығына сәйкес кемінде бес қызметкерден тұратын, оның ішінде Төрағадан тұратын комиссия құру керектігін және комиссия төрағасы болып білім беру ұйымының бірінші басшысын ұсынуды, өйткені комиссия төрағасы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлауды және оған басшылық жасауды, комиссия мүшелеріне нақты тапсырмаларды бөліп, жүзеге асыру керектігін бақылап, қадағалауы және тексеруі тиіс екеніне тоқталды.

Педагогикалық кеңес құрамы мектеп директорының өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы болуын бірауыздан құптады.

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері бойынша зерделеп, есеп дайындау үшін комиссия құрамын сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бірауыздан директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: Г.М.Қанимағанбетованы, С.С. Дюсенова мен Ж.Б. Омарованы, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Кенжина Дамегүл Мухаммедрахимовнаны, мектеп кітапханашысы Б.Ө.Төлебаеваны, әлеуметтік педагог С.Т.Тасанованы бірауыздан ұсынды.

Қаулы етті:

1.2025 жылдың 31 қаңтар-25 наурыз аралығында білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы жүргізілсін.

2.4,9-сыныптардың білім алушыларын оқыту нәтижелерін бағалауға сапалы дайындау пән мұғалімдерге, қосымша дайындалу кестесін құрып, нәтижелі жұмысты бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: Г.М.Қанимағанбетованы, С.С. Дюсеноваға жүктелсін.

3.Білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды жүргізу және сол бойынша есеп дайындап, педагогикалық кеңес құрамы алдында есеп беру үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Халелова Э.М.- комиссия төрайымы

Комиссия мүшелері:

- 1.Г.Ұ.Қанимағанбетова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 2.Дюсенова С.С - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 3.Омарова Ж.Б - директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары
- 4.Кенжина Д.М- директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
- 5.Төлебава Б.Ө- мектеп кітапханашысы
- 6.Тасанова С.Т.- әлеуметтік педагог

Төрайым
Хатшы



Халелова Э.М.
Садыкова Г.М.